



201\_\_жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 20-8/866 от: 17.04.2017

**«Ақ жол» ҚДП  
фракциясының  
депутаттарына**

2017 ж. 16.03. №ДЗ-73 сауалға

**Құрметті «Ақ жол» фракциясының депутаттары!**

Сіздің Премьер-Министрдің министрлермен және әкімдермен жасайтын меморандумдарының түйінді нысаналы индикаторлары бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

*Меморандумдарды жасауға және индикаторлардың нақты мазмұнына бақылауды, сондай-ақ оларды мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында ашық түрде орналастыруды қамтамасыз ету бойынша*

Меморандумдардың мазмұнына қойылатын талаптар Бюджет кодексінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1068 қаулысымен бекітілген Меморандумдарды әзірлеу және бағалау қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) белгіленген.

Осылайша, мемлекеттік органдардың меморандумдар жасасуын бақылау процесі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде регламенттелген.

Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында меморандумдарды орналастыру бойынша норма жоғарыда көрсетілген Қағидаларда көзделетін болады.

*Меморандумдарда пайдаланылатын нысаналы индикаторлардың жүйесін формальды бағалаудан саланың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты көрсеткіштеріне көшу арқылы нысықтау бойынша*

Меморандум мемлекеттік органның бірінші басшысының Премьер-Министр алдында өз қызметінің түйінді нысаналы индикаторларына қол жеткізу бойынша міндеттемелерін бекітетін құжат болып табылады. Мемлекеттік органдардың 2017 жылға арналған меморандум жобаларында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған негізгі және басым индикаторлары көрсетілген. Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын, мемлекеттік органдарды қайта ұйымдастыруды ескере отырып, оларды қосымша пысықтау жүргізілуде *(2017 жылға арналған меморандумдардың жекелеген жобаларының индикаторлары бойынша ақпарат қоса беріледі)*.

*Меморандумдарда көзделген нысаналы индикаторлардың орындалмағаны үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын жауапкершілікке тартуды тәжірибеге енгізу мәселесі бойынша*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу, бағалау және бақылау, сондай-ақ Елді аумақтық кеңістікті дамытудың болжамды схемасын әзірлеу, іске асыру және бақылау қағидаларының 11-тармағына сәйкес стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен аумақтарды дамыту бағдарламаларының іске асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігі үшін жауапкершілік мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жүктеледі.

Қазіргі уақытта Қағидаларға сәйкес 2016 жылғы меморандумдардың іске асырылуын бағалау жүргізіліп жатыр. Нәтижелері бойынша оларға тиісті баға берілетін болады.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**

**Депутатам  
Фракции ДПК «Ақ жол»**

*На №ДЗ-73 от 16.03.2017 г.*

**Уважаемые Депутаты фракции «Ақ жол»!**

Рассмотрев Ваши замечания и предложения по ключевым целевым индикаторам меморандумов, заключаемых Премьер-Министром с министрами и акимами, сообщаю следующее.

*По обеспечению контроля за заключением меморандумов и реальным содержанием индикаторов, а также их размещения на интернет-ресурсах государственных органов в открытом доступе*

Требования к содержанию меморандумов установлены Бюджетным кодексом и Правилами разработки и оценки меморандумов, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 декабря 2015 года №1068 (далее – Правила).

Тем самым, действующими нормативными правовыми актами регламентирован процесс контроля за заключением меморандумов государственных органов.

В целях обеспечения прозрачности деятельности государственных органов норма по размещению меморандумов на интернет-ресурсах государственных органов будет предусмотрена в вышеуказанных Правилах.

*По вопросу переработки системы используемых в меморандумах целевых индикаторов, отойдя от формальных оценок к конкретным показателям социально – экономического развития отрасли или региона*

Меморандум является документом, закрепляющим обязательства первого руководителя государственного органа перед Премьер-Министром по достижению ключевых целевых индикаторов своей деятельности. В проектах меморандумов государственных органов на 2017 год отражены основные и приоритетные индикаторы, направленные на социально-экономическое развитие страны. В настоящее время ведется их дополнительная доработка с учетом Послания Главы

государства народу Казахстана от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», реорганизации государственных органов (*информация по индикаторам отдельных проектов меморандумов на 2017 прилагается*).

*По вопросу внедрения в практику привлечения к ответственности первых руководителей госорганов за неисполнение целевых индикаторов, предусмотренных меморандумами*

Согласно пункту 11 Правил разработки, реализации, проведения мониторинга, оценки и контроля Стратегического плана развития Республики Казахстан, государственных и правительственных программ, стратегических планов государственных органов, программ развития территорий, а также разработки, реализации и контроля Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны, утвержденных Указом Президента Республики Казахстан от 4 марта 2010 года № 931 ответственность за результативность и эффективность реализации стратегических и программных документов, стратегических планов государственных органов и программ развития территорий возлагается на первых руководителей государственных органов.

В настоящее время, в соответствии с Правилами, проводится оценка реализации меморандумов за 2016 год. По результатам им будет дана соответствующая оценка.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**Б. Сагинтаев**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылға арналған меморандум жобасынан «2020 жылға дейінгі ҚР Стратегиялық даму жоспары декомпозициясының деңгейі» индикаторы алып тасталды және ЖІӨ-нің нақты өсуі, экономикада мемлекеттің қатысуын қысқарту бойынша мұнай емес тапшылық, үкіметтік борыш және басқа да индикаторлар көзделген.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – ИДМ) бойынша, ұлттық өндеуші өнеркәсіп жөнінде индикатор жоқ екендігі атап өтілген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен бекітілген осы мемлекеттік органның ережесіне сәйкес, ИДМ өндеуші өнеркәсіпке жауапты болып табылмайды, бірақ экономиканың жеке салаларындағы басшылықты жүзеге асырады.

ИДМ 2016 жылға арналған меморандумында қара және түсті металлургия экспортының көлемі мен еңбек өнімділігі бойынша нысаналы индикаторларды таңдауы осы өндеу өнеркәсібі секторларының басымдылығына негізделген. Мәселен, осы секторлардың өндеуші өнеркәсіптегі үлесі 34%-ды құрайды.

Бұдан басқа, өндеуші өнеркәсіптің құрылымында Энергетика және Ауыл шаруашылығы министрліктері жетекшілік ететін салалар да көзделген.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2017 жылға арналған меморандумында «Ел экономикасының отандық мұнай өнімдеріне деген ішкі қажеттілігінің қамтамасыз етілуі» индикаторы көзделген.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017 жылға арналған меморандумында азық-түлік тауарларының экспорты бойынша, еңбек өнімділігі, ауыл шаруашылығының жалпы өнімдері (көрсетілетін қызметтер), ауылшаруашылығы кооперативтері бойынша индикаторлар көзделген. Бұл ретте, инвестициялар бойынша индикаторлар алып тасталды.

#### *Приложение*

Из проекта меморандума Министерства национальной экономики Республики Казахстан на 2017 год исключен индикатор «Уровень декомпозиции

Стратегического плана развития РК до 2020 года» и предусмотрены индикаторы по реальному росту ВВП, сокращению государственного участия в экономике, ненефтяному дефициту, правительственному долгу и др.

По Министерству по инвестициям и развитию Республики Казахстан (далее – МИР) отмечается отсутствие индикатора по национальной обрабатывающей промышленности.

При этом, согласно Положению данного государственного органа, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 сентября 2014 года № 995, МИР не является ответственным по обрабатывающей промышленности, а осуществляет руководство в отдельных сферах и отраслях экономики.

Выбор целевых индикаторов по производительности труда и объему экспорта черной и цветной металлургии в меморандуме МИР на 2016 год, обусловлен приоритетностью данных секторов обрабатывающей промышленности. Так, доля данных секторов в обрабатывающей промышленности составляет 34%.

Кроме этого, в структуре обрабатывающей промышленности предусмотрены отрасли, курируемые министерствами энергетики и сельского хозяйства.

Так, в меморандуме Министерства энергетики Республики Казахстан на 2017 год предусмотрен индикатор «Обеспеченность внутренних потребностей экономики страны в отечественных нефтепродуктах».

В меморандуме Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан на 2017 год предусмотрены индикаторы по экспорту продовольственных товаров, производительности труда, валовой продукции (услуг) сельского хозяйства, сельскохозяйственным кооперативам. При этом индикаторы по инвестициям исключены.